

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2010 жылдың 9 айындағы қаржылық нәтижелерін жариялайды

Астана, 12 қараша, 2010 ж. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («ҚМГ БӨ», «Компания») АҚ бүгін 2010 жылдың 9 айындағы қысқартылған топтастырылған аралық қаржылық есебін жариялады:

- Операциялық пайда негізінен мұнай бағасының қымбаттауына байланысты 2009 жылдың осындай кезеңінде алынған 107,2 млрд. теңгемен (730 млн. АҚШ долларымен) салыстырғанда, 32 %-ға артып, 141,9 млрд. теңге (963 млн. АҚШ долларын) құрады.
- Есепті кезеңдегі таза пайда 156,8 млрд. теңгені (1 064 млн. АҚШ долларын)¹ және бір акцияға шаққандағы пайда 2 155 теңге (бір ЖДҚ үшін 2,44 АҚШ долларын) құрады, бұл көрсеткіш 2009 жылдың сәйкес кезеңінде алынған 180,6 млрд. теңгемен (1 231 млн. АҚШ долларымен) және 2 467 теңгемен (бір ЖДҚ үшін 2,8 АҚШ долларымен) салыстырғанда, 13 %-ға төмендеді.
- Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2010 жылдың алғашқы тоғыз айында өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда барреліне 57,32 АҚШ долларынан 76,73 АҚШ долларына дейін өсіп, 34 %-ға артты.
- 2010 жылдың 9 айындағы топтастырылған мұнай өндіру көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, 2009 жылы «ПетроҚазақстан Инк.»-тегі 33 % үлесті сатып алудың және өндіру көлемі төмендеген «Өзенмұнайгаз» ӨФ есептемегенде, басқа активтердің табысты өндірістік қызметінің арқасында 15 %-ға артты.

Қаржылық нәтижелерге түсінік бере келе, Компанияның бас директоры Кенжебек Ибрашев былай деп мәлімдеді: «Жалпы алғанда өткен 9 айдағы қаржылық көрсеткіштерге біздің көңіліміз толады. Қолайлы баға конъюнктурасының арқасында ҚМГ БӨ өндірістік шығындардың артуына және экспорттық кедендік баж салығының енгізілуіне қарамастан, айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Оң нәтижелер сондай-ақ Компанияның IPO-дан кейін сатып алған активтердегі үлестерінен түскен пайданың арқасында мүмкін болды, бұл да болса ҚМГ БӨ-нің даму стратегиясының тиімділігін паш етеді. Бұл ретте біз Компанияның құнын арттырудың және оның одан әрі өсірудің түрлі жолдарын қаратырып жатырмыз».

Өндірістік көрсеткіштер

ҚМГ БӨ 2010 жылдың 9 айында «Қазгермұнай» БК ЖШС (ҚГМ), «Қаражанбасмұнай» АҚ (CCEL) және «ПетроҚазақстан Инк.» (ПҚИ) компанияларындағы үлестерді қосқанда,

¹ Сомалар АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп, пайдалар мен шығындар туралы жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы (2010 жылдың 9 айында 147,31 теңге/ АҚШ долл., 2009 жылдың 9 айында 146,73 теңге/АҚШ долл., кезең соңында бағам: 2010 жылдың 9 айында 147,47 теңге/АҚШ долл., 2009 жылдың 9 айында 150,95 теңге/АҚШ долл.) бойынша және жиынтық баланстар үшін кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды.

9 946 мың тонна (тәулігіне 270 мың баррель) мұнай өндірді. Шоғырландырылған өндіру көлемі 2009 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 2009 жылдың желтоқсан айында ПҚИ-дің 33 % үлесін сатып алуға байланысты 15 %-ға артты.

«Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары 2010 жылдың тоғыз айында 6 555 мың тонна (тәулігіне 177 мың баррель) өндірді, бұл 2009 жылдың осындай кезеңіндегіден 193 мың тоннаға немесе 3 %-ға аз. Өндіру көлемінің азаюына 4-18 наурыз аралығында «Өзенмұнайгаз» ӨФ-де болған наразылық акциясы кезінде ұңғымалар қорына қызмет көрсету режимінің бұзылуы, мұнай кәсіпшілігі қондырғыларына дер кезінде жөндеу жұмыстарының жүргізілмеуі, сондай-ақ 2010 жылдың маусым-қыркүйек айлары аралығында орын алған ауа-райының қолайсыздығына байланысты кен орындарында электр қуатын шектеу және апатты жағдайда сөну жағдайлары әсер етті.

Директорлар кеңесі «Өзенмұнайгаз» ӨФ-нің 2010 жылға арналған мұнай өндіру жоспарын 6 302 мың тоннадан 6 001 мың тоннаға дейін азайты. Компанияның болжамы бойынша 2010 жылы «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдарының жылдық өндіру көлемі шамамен 8,8 млн. тонна (тәулігіне 177 мың баррель) құрайды.

ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ² компанияларының өндіру көлеміндегі ҚМГ БӨ үлесі 2010 жылдың тоғыз айында 3 391 мың тоннаны (тәулігіне 93 мың баррель) құрады.

Алдын-ала мәліметтер бойынша, 2010 жылдың 9 айында «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары өндірген мұнай көлемінен 6 496 мың тонна (тәулігіне 175 мың баррель) мұнай сатылды, оның ішінде 5 156 мың тонна (тәулігіне 139 мың баррель) сыртқа сатылды.

ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ² компанияларының сату көлемдеріндегі ҚМГ БӨ үлесі сыртқа сатылған 2 685 мың тонна (тәулігіне 74 мың баррель) мұнайды қосқанда, 3 819 мың тонна (тәулігіне 105 мың баррель) мұнайды құрады.

Салық төлеуден кейінгі пайда

Салық төлеуден кейінгі пайда 2010 жылдың 9 айында 156,8 млрд. теңгені (1 064 млн. АҚШ доллары) құрап, 2009 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13 %-ға төмендеді. Бұл 2009 жылы орын алған және 2010 жылы қайталанбаған теңгенің құнсыздануы нәтижесінде алынған 99,9 млрд. теңге көлеміндегі бағамдық айырмашылықтан түскен айтарлықтай кіріске байланысты болды.

Түсім

ҚМГ БӨ түсімі 2010 жылдың тоғыз айында 2009 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 28 %-ға артты және 445,0 млрд. теңге (3 021 млн. АҚШ доллары) құрады. Бұл арту орташа мұнай сату бағасының 35 %-ға – тоннасына 49 892 теңгеден (барреліне 47,03 АҚШ долларынан) 67 162 теңгеге (барреліне 63,06 АҚШ доллары) дейін қымбаттауына байланысты болды.

Операциялық шығындар

Операциялық шығындар 2009 жылдың сәйкес кезеңіндегі 240,5 млрд. теңгемен (өсу 26%) салыстырғанда, 2010 жылдың тоғыз айында 303,2 млрд. теңгені (2 058 млн. АҚШ доллары) құрады. Бұған мұнай бағасының қымбаттауы нәтижесінде ренталық салық пен пайдалы қазбаларды өндіру салығын (ПҚӨС), сондай-ақ 2010 жылдың 16 тамызында

² ТП 2010 жылдың 9 айындағы операциялық нәтижелерін қосқанда

енгізілген экспорттық кедендік баж салығын төлеу шығындарының артуы себеп болды. Салықтар мен айыппұлдарды есептемегенде, операциялық шығындар 2010 жылдың тоғыз айында 2009 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда теңге түрінде 11 %-ға артты. Бұл негізінен жалақы төлеу, жөндеу, қызмет көрсету және тасымалдау, ескіру, амортизация және басқа да шығындардың артуы есебінен болды. 2010 жылдың 1-қаңтарындағы жылдық индексация, сондай-ақ 2010 жылдың 1-маусымында Компанияның өндірістік филиалдары қызметкерлерінің жалақысын өсіру нәтижесінде қызметкерлерге төлем жасау шығындары артты. Жөндеу және қызмет көрсету шығындарының артуы 2010 жылдың тоғыз айында жөндеуден өткен ұңғымалар санының артуына және ұңғыманы жөндеу құнының қымбаттауына байланысты болды. Тасымалдау шығындарының артуына негізінен «Транснефть» компаниясының ҚТО құбыр жолындағы тарифінің 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10 %-ға қымбаттауы себеп болды. Басқа да шығындардың артуына негізінен 2010 жылдағы сатып алулар жөніндегі мәмілерлер шығындары себеп болды. Операциялық шығындардың артуы айыппұлдардың азаюымен ішінара өтелді («Айыппұлдар мен өсімпұлдар» бөлімін қараңыз).

Ақша ағымдары

2010 жылдың алғашқы тоғыз айындағы операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары 76,3 млрд. теңге (518 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2009 жылдың осындай кезеңіндегіден 7 %-ға аз. Бұл азаю 2009 жылы орын алған және 2010 жылы қайталанбаған теңгенің құнсыздануы нәтижесінде бағамдық айырмашылықтан түскен (ішінара операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары ретінде танылған) айтарлықтай кіріске байланысты болды.

Күрделі салымдар

Күрделі салымдар (ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке сәйкес, материалдық емес активтерді сатып алу шығындарын есептемегенде) 2010 жылдың тоғыз айында 51,8 млрд. теңге (352 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2009 жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштен 103 %-ға көп. Компания бюджетінде қарастырылған күрделі салымдардың жалпы мөлшері бірлескен кәсіпорындардағы үлестерді есепке алмағанда, 86 млрд. теңге (572 млн. АҚШ доллары) құрайды.

Геологиялық барлау жұмыстары

2010 жылдың тоғыз айы ішінде Р-9 Солтүстік-Батыс блогындағы Құлсары құрылымында тереңдігі 1600 м. келетін іздеу-барлау ұңғымасының құрылысы аяқталды, сондай-ақ Р-9 блогының Қойқара құрылымында тереңдігі 1850 м. болатын тұзүсті ұңғымасының құрылысы жүргізілуде. 2010 жылдың үшінші тоқсанында Лиман блогындағы ұңғыманың құрылысы басталып, соның нәтижесінде мұнай шоғыры ашылды. Қазіргі таңда тұзүсті барлау ұңғымасын сынау жұмыстары жалғасуда. Мұнай шоғыры Новобогатинск тұзды күмбезінің оңтүстік бөктерінен табылды және Атырау қаласының батысына қарай 70 шақырым жердегі «Ембімұнайгаз» ӨФ игеріп жатқан Новобогатинск мұнай кенорнына жақын орналасқан. Компанияның 2011 жылға арналған жұмыс бағдарламасында жедел игеру үшін табылған қорларды бағалау және жете зерттеу қарастырылған. С.Нұржанов кенорнында бір жете барлау ұңғымасын бұрғылау аяқталды, сондай-ақ 3500 м. жобалық тереңдіктегі жете барлау ұңғымасын бұрғылау жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2010 жылдың төртінші тоқсанында Батыс Прорва кенорнында тереңдігі 3500 м. барлау ұңғымасын бұрғылау жалғасады. Есепті кезеңдегі геологиялық барлау жұмыстарының шығындары 1,8 млрд. теңгені (12 млн. АҚШ доллары) құрады.

Ақша қаражаттары және займдар

2010 жылдың 30 қыркүйегі күнгі жағдай бойынша ақша қаражаттарының және олардың баламаларының сомасы 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы 107,6 млрд. теңгемен (0,73 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда 126,3 млрд. теңге (0,86 млрд. АҚШ доллары) құрады.

Басқа қаржы активтерінің сомасы 2009 жылдың 31 желтоқсаны күнгі жағдай бойынша 535,1 млрд. теңгемен (3,6 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2010 жылдың 30 қыркүйегінде 524,6 млрд. теңге (3,6 млрд. АҚШ доллары) құрады. Басқа қаржылық құралдар «ҚазМұнайгаз» Ұлттық компаниясы шығарған қарыз құралын (бұдан әрі - Облигация), депозиттер мен басқада қаржы құралдарын қамтиды.

2010 жылдың 16 шілдесінде Компания бұған дейін таратылған ақпаратқа сәйкес 2013 жылдың маусымына дейінгі айналым мерзімімен 7 % жылдық купонмен жалпы сомасы 220 млрд. теңгеге (1,5 млрд. АҚШ доллары) ҚМГ ҰК облигацияларын сатып алды. 2010 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша есептелген ҚМГ ҰК облигацияларынан түскен пайыздық кіріс 3,2 млрд. теңге (22 млн. АҚШ доллары) құрады. Компания балансында ҚМГ ҰК облигацияларына өзге де қаржылық активтер енгізілген.

2010 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша ақша қаражаты мен депозиттердің (Облигацияларды қосқанда) 81 %-ы АҚШ долларында, ал 19 %-ы теңгеде қайта номинацияланды. Екі ірі банк – Халық банкі мен Казкоммерцбанктегі ақша қаражаттары мен депозиттер мөлшері 2010 жылдың 30 қыркүйегіндегі депозиттердің жалпы сомасының шамамен 36 %-ын құрады. Есепті кезеңде есептелген пайыздық кірістің сомасы 23,9 млрд. теңге (162 млн. АҚШ доллары) құрады.

2010 жылдың 30 қыркүйегіндегі займдар сомасы ПҚИ-дегі 33 % үлесті сатып алуға ҚМГ ПҚИ Қаржы компаниясынан регресс құқығынсыз тартылған 113,1 млрд. теңге (767 млн. АҚШ доллары) сомасындағы займды қосқанда, 121,4 млрд. теңге (823 млн. АҚШ доллары) құрады.

Ақша қаражаттарының таза сомасы³ 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы 505 млрд. теңгемен (3,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2010 жылдың 30 қыркүйегінде 529,5 млрд. теңге (3,4 млрд. АҚШ доллары) құрады.

Айыппұлдар мен өсімпұлдар

Салық аудиті

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Компанияның 2004 және 2005 жылдардағы қызметіне салықтық тексеру жүргізді. 2007 жылы басталып, 2009 жылдың тамызында аяқталған тексерудің нәтижесінде салық органы 32 млрд. теңге мөлшерінде қосымша төлемдер сомасын есептеді, оның ішінде 16 млрд. теңге – салықтар сомасын, 8 млрд. теңге – салықтық құқық бұзушылыққа салынған әкімшілік айыппұлды, ал 8,8 млрд. теңге – уақтылы төлемегенге салынған өсімпұлды құрайды. Компания алғашқы инстанциядағы сот орнына талап арыз беріп, соның нәтижесінде есептеу сомасы соттың 2010 жылдың 24 мамыры күнгі шешімімен ішінара қанағаттандырылды. Сот шешіміне сәйкес, есептеудің негізгі сомасы 8,6 млрд. теңгеге, ал өсімпұл сомасы тиісінше 2,6 млрд. теңгеге азайтылды. Компанияның екінші инстанциядағы сотқа түсірген

³ Займдарды шегеріп тастағанда ақша қаражаттары, олардың баламалары және басқа да қаржы активтер

апелляциялық шағымы 2010 жылдың 29 шілдесі күні кері қайтарылды. Бірінші инстанциядағы соттың шешімі 2010 жылдың 23 қыркүйегінде күшіне енуіне байланысты, Компания есептелген провизияны пайдалана отырып, 11,2 млрд. теңге көлеміндегі айыппұлдың негізгі және есептелген өсімпұл сомасын төледі. Компания салықтық тексерулердің нәтижелерін үшінші инстанциядағы сотқа шағымдану үстінде. Компания басшылығы сот талқылауларының оң шешілуі екіталай екенін мойындайды. Осыған байланысты Компания басшылығы салық органдары есептеген төлемдерге қатысты белгілі ыр соманы аударды. 2010 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Компания бұған дейін төленген сомалардан бөлек, салықтық тексерулерге қатысы жоқ 2006 жылдан 2010 жылдың 30 қыркүйегіне дейінгі кезең үшін 5,3 млрд. теңге есептеді. Компания басшылығы салық заңнамаларын интерпретациялау дұрыс және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Компания позициясын толық көлемде даулауға толықтай салмақты дәйектер бар деп санайды.

Кедендік баж салығы жөнінде хабарлама

2009 жылдың 18 тамызында Қазақстан Республикасының кеден комитеті Компанияға түгелдей төленбеген экспорттық кедендік баж салығы үшін (15,3 млрд. теңге сомасындағы негізгі қарызды және 2,3 млрд. теңге сомасында дер кезінде төленбегені үшін пайызды қосқанда) 17,6 млрд. теңге сомасында хабарлама жолдады. Бұл хабарлама 2008 жылдың желтоқсанында кедендік тексеруден өтіп, 2009 жылдың қаңтарында экспортқа тиелген мұнайға қатысты және олардың кейбіреулері үшін ренталық салық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес толықтай төленген.

2009 жылдың 23 қыркүйегінде Компания бірінші сот инстанциясына апелляциялық шағым түсірді. 2009 жылдың 1 желтоқсанында бірінші сот инстанциясы Компания пайдасына шешім шығарды. Дегенмен, 2010 жылдың 20 қаңтарында екінші сот инстанциясы кеден комитетінің апелляциялық шағымын қанағаттандырды. 2010 жылдың 8 ақпанында Компания үшінші сот инстанциясына шағымданды. 2010 жылдың 9 наурызында үшінші сот инстанциясы да кеден комитетінің пайдасына шешім шығарды. Компания Қазақстанның Жоғарғы сотына шағымдануды жоспарлап отыр.

Компания басшылығы ақыр соңында бұл мәселенің оң шешіледі деп пайымдайды, сондықтан 2010 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айдағы қысқартылған топтастырылған қаржылық есепте аталған сомаларды есептемеді.

Стратегиялық сатып алулардың үлесі

2010 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлестерден түскен кіріс 2009 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,1 млрд. теңгемен (7,4 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 45,6 млрд. теңгені (310 млн. АҚШ доллары) құрады.

ҚГМ

2010 жылдың 9 айында ҚМГ БӨ Қазгермұнай компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 19,7 млрд. теңге (134 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома Компанияның ҚГМ-нің 2,6 млрд. теңге (18 млн. АҚШ доллары) сомасына табыс салығының кейінге шегерілген амортизациясы мен 7,7 млрд. теңге (52 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнынан сатып алу бағасының асып кету амортизациясының әсерін шегеріп тастағанда, 3,3 млрд. теңге (22 млн. АҚШ доллары) сомасындағы табысқа салынған кейінге шегерілген салық бойынша активтерді қайта бағалау және 26,7 млрд. теңге (181 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі таза табысындағы 50 %-дық үлесін көрсетеді. Негізінен ҚГМ-дың қаржылық нәтижелеріне 2009 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2010 жылдың тоғыз айында мұнай бағасының айтарлықтай қымбаттағаны әсер етті.

2010 жылдың 4 қарашасында Компания ҚГМ-дан 75 млн. АҚШ доллары мөлшерінде дивиденд алды. Соның нәтижесінде сатып алғаннан бері Компания алған дивидендтердің жалпы сомасы 975 млн. АҚШ долларын құрады.

ПҚИ

2010 жылдың тоғыз айында ҚМГ БӨ ПҚИ компаниясындағы өзінің қатысу үлесінен 25,9 млрд. теңге (176 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома 10,4 млрд. теңге (70 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнынан сатып алу бағасының асып кету амортизациясының әсерін және 4,3 млрд. теңге (29 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі ПҚИ тауарлы-материалдық қорлары әділ құнына бір реттік түзетуді алып тастағандағы 40,6 млрд. теңге (276 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі ПҚИ таза пайдасындағы Компанияның 33 %-дық үлесін білдіреді.

ПҚИ-дың таза пайдасының екінші тоқсанға қарағанда үшінші тоқсанда өсуі 2010 жылдың тамыз айында даудың шешілуіне байланысты «Торғай Петролеум» АҚ (ТП) нәтижелернің 50 %-ның топтастырылуына, сондай-ақ алдын-ала бағалауға негізделген 41 млрд. теңге (275 млн. АҚШ доллары) ТП-дағы үлестің 50 %-ын сатып алудан түскен кірістің мойындалуына байланысты. ТП топтастырылуы ПҚИ-дың қаржылық есебінде сатып алу ретінде танылды.

2009 жылдың желтоқсанында ПҚИ-дегі үлесті сатып алғаннан бері Компания алған дивидендтердің жалпы сомасы 99 млн. АҚШ долларын құрады, оның 80 % мәміленің шарттарына сәйкес ҚМГ ПҚИ Қаржы БВ компаниясының қарызын өтеуге жұмсалды.

ССЕЛ

Компания 2010 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша өзінің балансында 23,5 млрд. теңгені (160 млн. АҚШ долларын) бірлесіп бақылайтын кәсіпорын ССЕЛ компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті. 2010 жылдың тоғыз айында ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі ССЕЛ компаниясынан алынатын жылдық басымдықты кірістің бір бөлігін білдіретін 2,3 млрд. теңге (16 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі пайыздық кірісті есептеді.

ММГ, ҚОА и ҚТМ

Компания 12 шілдеде «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-індегі (ҚОА) үлестің 50 %-ын, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-індегі (ҚТМ) үлестің 51 %-ын және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) 100 % акцияларына иелік ететін Mangistau Investments B.V. (MIBV) компаниясындағы үлестің 50 %-ын сатып алғанын хабарлады. Осы аталған үш активті сатып алу құны 750 млн. АҚШ долларын, оның ішінде ҚОА-дегі 50 %-дық қатысу үлесінің бағасы 350 млн. АҚШ долларын, ҚТМ-дегі 51 %-дық қатысу үлесінің бағасы 70 млн. АҚШ долларын және Mangistau Investments BV-дегі 50 %-дық қатысу үлесінің бағасы 330 млн. АҚШ долларын құрайды. Сатып алынатын үлеске сәйкес келетін таза қарыздың жалпы сомасы 1 499 млн. АҚШ долларын құрайды, оның 116 млн. АҚШ доллары ҚОА-ге, ал 53 млн. АҚШ доллары ҚТМ-ге және 1 330 млн. АҚШ доллары MIBV-дің шоғырландырылған қарыздарына тиесілі. Аталған мәмілелерді бекіту қазіргі таңда тиісті мемлекеттік органдарда қаралып жатыр.

НБК

2010 жылдың 24 қыркүйегінде Компания НБК-дағы үлестің 100 %-ын сатып алды. НБК Қазақстан Республикасы Атырау облысында орналасқан Батыс Новобогатинское кенорнында мұнай барлау мен өндіруге лицензиясы бар мұнайгаз компаниясы болып

табылады. Сатып алынған компания қазір барлау сатысында тұр және барлау кезеңі ішінде төрт барлау ұнғымасын байқама барлау кезінде алынған мұнайды сатуға құқы бар. НБК-дағы үлес 35 млн. АҚШ долларына (5,2 млрд. теңгеге) сатып алынды. Сатып алу келісімшартына сәйкес, 2010 жылдың 24 қыркүйегінде Компания келісімшарттың жалпы сомасының 90 %-ын төледі және сатып алу бағасын соңғы түзетуге жатқызылуы мүмкін қалған 10 %-ды ұстап қалды. Барлау келісімшарты 2010 жылдың соңына дейін бірқатар шарттар орындалғаннан кейін 2010 жылдың қыркүйегінен 2012 жылдың қыркүйегіне дейін ұзартылды.

СБС

2010 жылдың 24 қыркүйегінде Компания СБС-дағы үлестің 100 %-ын сатып алды. СБС Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысында орналасқан Шығыс Жарқамыс кенорнында мұнай барлау мен өндіруге лицензиясы бар мұнайгаз компаниясы болып табылады. СБС үлесі 30 млн. АҚШ долларына (4,4 млрд. теңгеге) сатып алынды. Сатып алу келісімшартына сәйкес, 2010 жылдың 24 қыркүйегінде Компания келісімшарттың жалпы сомасының 90 %-ын төледі және сатып алу бағасын соңғы түзетуге жатқызылуы мүмкін қалған 10 %-ды ұстап қалды. Барлау келісімшарты 2010 жылдың соңына дейін бірқатар шарттар орындалғаннан кейін 2010 жылдың қыркүйегінен 2012 жылдың қыркүйегіне дейін ұзартылды.

2010 жылдың тоғыз айындағы аралық қысқартылған топтастырылған қаржылық есеп Компанияның Интернет-сайтында (www.kmgep.kz) жарияланатын болады.

ҚОСЫМША⁴

Жиынтық кіріс туралы топтастырылған қысқартылған есеп

Мың теңгемен

	еск	30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін		30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін	
		2010	2009	2010	2009
Кірістер	10	148 424 375	141 024 201	445 029 541	347 654 914
Операциялық кірістер	11	(110 056 257)	(90 901 186)	(303 166 502)	(240 492 520)
Операциялық пайда		38 368 118	50 123 015	141 863 039	107 162 394
Қаржылық кіріс		9 008 556	11 057 645	29 872 049	34 901 161
Қаржыландыру шығындары		(1 793 556)	(795 836)	(5 737 498)	(1 766 373)
Мұнайды хеджирлеу операцияларының жүзеге аспаған шығындары		–	3 705 199	–	(786 258)
Бағамдық айырмашылық бойынша кірістер/(шығындар)		(376 506)	2 009 690	(3 213 615)	99 895 981
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы нәтижелеріндегі үлес		26 766 141	6 211 343	45 614 188	1 080 664
Табыс салығына дейінгі пайда		71 972 753	72 311 056	208 398 163	240 487 569
Табыс салығы бойынша шығыстар	12	(15 198 530)	(20 500 944)	(51 589 834)	(59 911 766)
Кезеңдегі таза пайда		56 774 223	51 810 112	156 808 329	180 575 803
Операцияларды шетел валютасында қайта есептеуде бағамдық айырмашылық		(101 314)	512 273	(682 985)	14 616 277
Салықты шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістер		(101 314)	512 273	(682 985)	14 616 277
Салықты шегергендегі кезеңдегі жиынтық кірістер жиыны		56 672 909	52 322 385	156 125 344	195 192 080
БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА					
Базалық		0,79	0,72	2,16	2,47
молайтылған		0,76	0,70	2,09	2,43

⁴ Қосымшаға енгізілген қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде жекелеген сандар дөңгелектендірілді. Соның нәтижесінде кейбір кестелердің «жиыны» деген бағанындағы сандар олардың алдындағы сандарды қосудың нәтижесімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Қаржылық жағдай туралы топтастырылған қысқартылған аралық есеп

Мың теңгемен

	Ескер.	30 қыркүйек 2010 жыл (тексерілмеген)	31 желтоқсан 2009 жыл (тексерілген)
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	7	287 809 558	257 739 303
Басқа қаржылық активтер	8	221 780 996	797 931
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарыздары		19 419 582	20 268 928
Материалдық емес активтер		2 283 693	2 276 745
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындарға инвестициялар		247 392 418	254 147 918
Кейінге қалдырылған салық бойынша актив		8 920 294	10 265 537
Басқа активтер		9 375 588	7 291 870
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		797 982 129	552 788 232
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар		18 479 557	15 525 704
Өтелетін ҚҚС және салықтар бойынша алдын-ала төлеу		17 066 044	9 969 965
Болашақ кезеңдердің шығындары		25 930 226	21 595 622
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарыздары	8	61 599 174	49 710 916
Сауда және өзге дебиторлық қарыздар		4 123 697	1 082 100
Басқа қаржылық активтер	8	302 841 604	534 288 078
Ақша қаражаттары және оның баламалары	8	126 318 737	107 626 368
Ағымдағы активтердің жиыны		556 359 039	739 798 753
Активтер жиыны		1 354 341 168	1 292 586 985
КАПИТАЛ			
Жарғы капиталы		223 842 632	238 546 914
Басқа да капитал резервтері		1 674 682	1 474 089
Бөлінбеген кіріс		853 761 503	747 820 751
Басқа да капитал құрамдары		12 254 410	12 937 395
жиыны капитал		1 091 533 227	1 000 779 149
МІНДЕТТЕМЕ			
Ұзақ мерзімді міндеттеме			
Ағымдағы міндеттеме		62 330 689	92 023 143
Жиыны міндеттеме	9	34 599 683	35 319 443
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		96 930 372	127 342 586
Ағымдағы міндеттемелер			
Займдар		59 074 330	45 650 017
Төленетін табыс салығы		8 792 479	21 138 596
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық		39 034 075	36 177 299
Сауда және кредиторлық қарыз		38 271 589	34 402 259
Төленетін дивидендтер	9	20 705 096	27 097 079
Резервтер		165 877 569	164 465 250
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		262 807 941	291 807 836
Міндеттемелер жиыны		1 354 341 168	1 292 586 985

**Ақша қаражаттарын қозғалысы туралы топтастырылған қысқартылған аралық есеп
(тексерілмеген)**

Мың теңгемен

	ескер.	2010	2009
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары			
Табыс салығына дейінгі пайда		208 398 163	240 487 569
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзетулер			
Ескіру, тозу және амортизация	11	25 289 054	23 055 517
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес		(45 614 188)	(1 080 664)
Экспорт алдында қаржыландыру келісімінің шарттары бойынша шикі мұнай жеткізу		–	(10 830 585)
Мұнайды хеджирлеу операцияларының жүзеге аспаған шығындары		–	786 258
Негізгі құралдарды шығару шығындары	7	1 579 279	1 389 803
Негізгі құралдардың құнсыздануы (құнсыздануды шегеру)		395 569	(544 162)
Опциондық бағдарламалар бойынша шығындарды мойындау		198 076	202 535
Үлестік құралдарды алу		(3 115)	(146 113)
Операциялық қызметтен тыс бағамдық айырмашылықтан түскен жүзеге аспаған шығыс (кіріс)		244 239	(44 227 222)
Басқа да ақшалай емес кірістер мен шығыстар		183 804	1 090 383
Плюс сыйақы шығындары		5 737 498	1 766 373
Минус инвестициялық қызметке жататын сыйақы шығыстары		(29 872 049)	(34 901 161)
Айналымдағы капиталды түзету			
Басқа активтердегі өзгерістер		539 767	(2 092 586)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		(2 993 032)	(2 051 767)
Өтелетін ҚҚС мен салықтар бойынша алдын-ала төлемдегі өзгерістер		(7 044 843)	(3 689 084)
Берілген аванстар мен болашақ кезеңдердің шығындарындағы өзгерістер		(4 974 003)	(14 226 904)
Сауда және басқа да дебиторлық қарыздардағы өзгерістер		(11 807 363)	(22 120 588)
Сауда және басқа да кредиторлық қарыздардағы өзгерістер		775 646	(11 954 851)
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салықтағы өзгерістер		2 856 776	35 615 286
Резервтердегі өзгерістер		4 747 014	9 694 391
Төленген табыс салығы		(72 263 678)	(84 385 710)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары		76 372 614	81 836 718
Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары			
Негізгі құралдарды сатып алу	7	(51 845 873)	(25 508 604)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім		222 735	1 129 367
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар жарғылық қорына үлес		–	(580 044)
Бірлескен және ассоциацияланған кәсіпорындардың алынған дивидендтер		51 285 572	3 768 250
ҚМГ ҰК қарыз құралына инвестиция сатып алу	8	(221 543 183)	–
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржылық активтерді сату (сатып алу), нетто		227 690 997	(147 374 344)
Еншілес ұйымдарды сатып алу, алынған сыйақыларды шегеріп тастағанда	6	(8 612 755)	–
Алынған сыйақылар		27 800 084	14 736 191
Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) ақша қаражаттарының таза ағымдары		24 997 577	(153 829 184)
Қаржылық қызметтен ақша ағымдары			
Өзіндік акцияларды сатып алу		(14 776 905)	(21 392 129)
Займдарды өтеу		(14 072 152)	(6 104 629)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер		(47 967 857)	(45 524 743)
Төленген сыйақылар		(5 866 973)	(104 875)
Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымдары		(82 683 887)	(73 126 376)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өзгерту		18 686 304	(145 118 842)
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	8	107 626 368	285 131 743
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша бағамдық айырмашылық		6 065	23 926
Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	8	126 318 737	140 036 827

Төменде 2010 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айдағы көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай және мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген:

	ӨАС	2010 жылдың 9 айы		
		КҚК	Ішкі	Жиыны
		(барр/ АҚШдолл)		
Жарияланатын нарықтық баға ⁵	76.73	76.73	-	-
Сату бағасы	73.41	76.33	20.87	63.68
Сапа банкі	-	(6.71)	-	(1.94)
Баррелизация бойынша сыйақы коэффициенті	(0.18)	5.83	-	1.32
Сатылған баға⁶	73.23	75.45	20.87	63.06
Ренталық салық	12.59	12.59	-	9.99
Көліктік шығындар	7.37	7.41	1.49	6.15
Сату бойынша комиссия	0.07	0.07	-	0.06
Нетбэк	53.20	55.38	19.38	46.86

	ӨАС	2009 жылдың 9 айы		
		КҚК	Ішкі	Жиыны
		(барр/ АҚШдолл)		
Жарияланатын нарықтық баға	56.03	56.49	-	-
Сату бағасы	55.30	54.38	17.49	47.47
Сапа банкі	-	(6.12)	-	(1.44)
Баррелизация бойынша сыйақы коэффициенті	0.13	4.56	-	1.00
Сатылған баға	55.43	52.82	17.49	47.03
Ренталық салық	6.63	6.63	-	5.27
Көліктік шығындар	6.23	7.44	1.33	5.51
Сату бойынша комиссия	0.06	0.06	-	0.05
Нетбэк	42.51	38.69	16.16	36.20

Анықтамалық ақпарат	30 қыркүйекте аяқталған 9 ай үшін	
	2010	2009
Орташа бағам US\$/ KZT	147,31	146,73
Балансты құру мерзіміндегі US\$/KZT бағамы	147,47	150,95

ҚМГ БӨ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті	7,36
Қазгермұнай үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті	7,70
ССЕЛ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті	6,68
ПҚИ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті	7,75

⁵ Нарықтық баға ретінде келесі котировкалар қолданылды: ӨАС тұрба құбыры бойынша 2010 жылдың 9 айында Brent (DTD), 2009 жылдың 9 айында Urals (RCMB), КҚК тұрба құбыры бойынша CPC blend (CIF).

⁶ Қаржылық есеп бойынша баға бір тонна үшін 7,23 баррель коэффициенті бойынша алынды

АНЫҚТАМА

ҚМГ БӨ мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай») компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2009 жылы 11,5 млн. тоннаны (тәулігіне 232 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2009 жылдың соңындағы жағдай бойынша 234 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,2 млрд. баррельден астамды құрайды. Компанияның жай және артықшылықты акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2009 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ-ге «ГАММА-6» корпоративтік басқару рейтингін берді, ал 2010 жылдың шілдесінде Компанияның несиелік рейтингін «BB+» деңгейінде растады.

Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 7600)

Дәулет Жұмаділ

e-mail: pr@kmgep.kz

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 5433)

Әсел Қалиева

e-mail: ir@kmgep.kz

Pelham PR (+44 207 861 3147)

Елена Добсон

e-mail: edobson@pelhambellpottinger.co.uk

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «құйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.